

Абай облысы Бородулиха ауданы Бородулиха ауылдық округінің Бородулиха ауылының көшелерін қайта атау туралы

Абай облысы Бородулиха ауданы Бородулиха ауылдық округінің әкімінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № 8 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 тамызда № 29054 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Бородулиха ауылы халқының пікірін ескере отырып және Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы қорытындысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Абай облысы Бородулиха ауданы Бородулиха ауылдық округі Бородулиха ауылының көшелері қайта аталсын:

- Колхозная көшесін Қажымұқан көшесіне;
- КСХТ көшесін Дінмұхамед Қонаев көшесіне;
- Короткая көшесін Иван Косенков көшесіне;
- СТО көшесін Алтай көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бородулиха ауылдық округінің әкімі

Б. Садыкова